

"Жалағаш ауданы бойынша жерлерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 13-16 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қаңтарда № 26330 болып тіркелді

Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жалағаш аудандық мәслихатының "Жалағаш ауданы бойынша жерлерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын), жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5571 болып тіркелген) өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8, 11-баптарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:";

3-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Курманбаева